


Лабораториялық жұмысты орындау реті.

Жұмысты орындауға дайындық.

- «изотерма» приборын штативке мықтап бекіту керек. Бұл жағдайда құралдың резервуар шлангі бос болуы керек, (1-сурет) ол қысым датчигіне қосылмаған болуы керек.



1-сурет

- изотерма құрылғысын компьютердің USB ажырайтын қосылғышына қосу керек.
- Поршеньді цилиндрдің ортасына (P70 мл белгіге) орналастырыңыз одан кейін қысым датчигін қосыңыз. Осымен сіз құрылғыны оны қоршаушы ауадан ажыратасыз.
- «Практикум» программасын қосыңыз. 00 батырмадан пайдаланып экспериментті өңдеу сценариін таңдайтын «меню» ді ашыңыз «Изучение изотермического процесса» деген сценариді таңдаңыз.
- Винт тұтқасын сағат стрелкасы бойынша айналдырып, резервуардың көлемін мүмкіндігінше шектік мәніне дейін азайтыңыз. Осыдан кейін винт тұтқасын кері бағытта айналдырыңыз, айналдыруды екінші жарық диодының жарқылдағанынша жалғастырыңыз –бұл прибордың жұмысқа дайындығын білдіреді.